# Сынақ полигондары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1997 жылғы 17 қаңтардағы N 7

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сынақ полигондарын ( Сары-Шағын, Ембі, 4 ГЦП және 929 ГЛИЦ объектілері мен ұрыс алаңдарын) жалға беру туралы 1996 жылғы 18 қазанда Москва қаласында қойылған шарттарды жүзеге асыру мақсатында:

1. Сынақ полигондарын жалдау туралы шарттарды жүзеге асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен жылжымалы және жылжымайтын мүліктер мен сынақ полигондарының жер учаскелерін жалға беру жөніндегі жұмыстардың мерзімі мен тәртібін келіссін.

3. Ведомствоаралық комиссия әрбір сынақ полигоны бойынша жұмыс топтарын құрсын және 1991 жылғы 31 тамыздағы жағдай бойынша мүкаммалдық ведомствоға сәйкес жалға берілетін сынақ полигондарының жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін, сондай-ақ 1995 жылғы 20 қаңтардағы сынақ полигондарын жалдау мен пайдалану тәртібінің шарттары туралы келісіммен айқындалған шекаралардағы сынақ полигондарының жер учаскелерін ресей

тарапына беруді 1997 жылдың 1 ақпанына дейін жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қорғаныс министрлігі бір апта мерзімде сынақ полигондарын жалдау туралы шарттардың ережесін жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспар-кестесін әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 17 қаңтардағы
N 7 өкіміне
қосымша

Сынақ полигондарын жалдау туралы шарттарды жүзеге

асыру жөніндегі ведомстволық комиссияның құрамы:

Яловенко П.С. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің қару-жарақ жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасы

Әбдірахманов Е.О. - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қорғаныс кешені экономикасы басқармасы бастығының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

Атабаев С.Ж. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің негізгі салалар бас басқармасының бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Васимов А.Ш. - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әуе шабуылына қарсы әскерлер қолбасшысы

Жоламанов Н.А. - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әуе шабуылына қарсы жаяу әскерлер қолбасшысы

Ыбыраев М.Ш. - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери-әуе күштерінің қолбасшысы

Степанов Г.Ф. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бөлім бастығы

Әбдіғарипов И.Ә. - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің бөлім бастығы

Жұбанышев С.Қ. - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің бас маманы

Тоқтамысов М.С. - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі басқарма бастығының орынбасары

Ибрашев Т.Н. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бөлім бастығы

Ысқақов Ж.К. - Қазақстан Республикасының Сыртқы

істер министрлігі басқармасының
бірінші хатшысы

Құлмағамбетов К.А - Қазақстан Республикасы Сыртқы
істер министрлігінің Атташесі

Савельев С.Р. - Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер министрлігі басқармасының
бірінші хатшысы

Дурнов Н.Н. - Қазақстан Республикасының Экология
және биоресурстар министрлігінің
жетекші маманы

Лычев А.И. - Қазақстан Республикасының Экология
және биоресурстар министрлігінің
басқарма бастығының орынбасары

Омаров С.С. - Қазақстан Республикасының Экология
және биоресурстар министрлігінің
бөлім бастығы

Шевцов С.П. - Қазақстан Республикасының Экология
және биоресурстар министрлігінің
бас маманы

Далбаев Е.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің бөлім
бастығы (келісім бойынша)

Жантеміров М.К. - Қазақстан Республикасының Ұлттық
қауіпсіздік комитеті басқарма
бастығының орынбасары (келісім
бойынша)

Оқасов С.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің бөлім
бастығы (келісім бойынша)

Товкач Г.М. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің басқарма
бастығы (келісім бойынша)

Қыпшақбаев А.И. - Қазақстан Республикасының
Радиоэлектроника және байланыс
жөніндегі ұлттық орталығының
бас директоры

Сманов Е.С. - Қазақстан Республикасының Жер
қатынастары және жерге орналастыру
жөніндегі мемлекеттік комитетінің

мемжеринспекциясы бастығының орынбасары

Сысолятин В.Н. - Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлімі бастығының орынбасары

Шавернев В.В. - Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім бастығы

Құлышев Қ.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім бастығы

Әубәкіров А.Н. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің бас инспекторы

Керімбеков Д.А. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің бөлім бастығы

Қожабеков Б.Қ. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің бөлім бастығы

Оболонкин Н.Н. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті заң басқармасының бас инспекторы

Супрун В.В. - Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасары

Селбаев А.С. - Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары

Сапаралиев Ж.С. - Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары

Сатпаев С.К. - Жезқазған облысы әкімінің орынбасары

Мясников В.Г. - Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

Нұрғисаев С.Ө. - Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары

Балғақбаев Е.Д. - Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетінің төрағасы

<*>

Катков В.П. - Жезқазған мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі аумақтық комитеті
төрағасының орынбасары

<*>

Өмірзақов И.К. - Ақтөбе мемлекеттік мүлікті басқару
жөніндегі аумақтық комитеті
төрағасының бірінші орынбасары

ЕСКЕРТУ. Құрам толықтырылды - ҚРҮ-нің 1997.03.04. N 57 өкімімен.

R970057_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК